|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | 1,4 | | 4310 | 0,6 | | 355 | |
| БРДМ-2 | - 0,8-1,1 | | КРАЗ-260 | - 0,73-0,9 | | БТС-4 | - 3,6-4,2 |

**«АБТМ қамтамасыз ету бойынша жағдайды бағалау әдістемесі».**

## ӘТМ ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

***Әскери-техникалық мүмлік*** – ҚӘТ техникалық қызмет көрсету мен жөндеу үшін қажетті агрегаттар, қосымша бөліктер, материалдар, электркұрылғылар,резеңкетехникалық және басқа да өнімдер; объекттерді қалпына келтіру мен пайдалану үшін құрылғылар, аспаптар, құралдар мен саймандар; әскери-оқу мүліктері; құжаттар бланктері.

***ӘТМ жиынтығы*** – жұмыстың анықталған ауқымын орындау үшін арналған және нақталған мөлшердегі нақты тізім бойынша құралған агрегаттар, қосымша бөліктер мен басқа да өнімдер жиыны.

**ӘТМ қамтамасыз етуді ұйымдастыру** лауазымды тұлғалардың қойылған жауынгерлік тапсырмаларды шешу кезінде әскерге және бағынышты жөндеу-қалпыеа келтіру органдарына ӘТМ жеткізу мен жинау, эшелондау, орнату бойынша мазмұны мен әдістемесін қосады.

### ӘТМ ӘСКЕРІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Қажеттілікті анықтау:**

1.Жауынгерлік іс-әректтің жобалау кезеңіне ӘТМ жалпы қажеттілікті шамалау.
2. РҚО топтамалары бойынша ӘТМ қажеттілікті шамалау.

**Мүмкіндіктерді анықтау:**

1. Қолда бар табельді қоры.
2. Шоғырланған қойылымдар
3. Агрегаттар, тораптар мен бөлшектерді жөндеу есебінен.
4. Қалпына келмейті объектерден шешілген мүліктер.

**Қажеттілік пен мүмкіншіліктің мөлшерлі-сапалық салыстырмалы сараптамасы**

ажеттілік пен мүмкіншілік арасындағы қарсылықты ашу, нақты жағдайда ӘТМ қамтамасыз етуді ұйымдастырудағы мәселелерді анықтау.

**Тапсырманы орындау тәсілі мен тәртібін анықтау**

1.Әскерде, қоймаларда және жөндеп-қалпына келтіру органдарында ӘТМ қорын құру көлемі мен кезегін анықтау.

2. ӘТМ қоймалары орналасқан аймақтарды, мерзімін, олардың жылжыту тәртібі мен жолын таңдау.

3. Ақпаратты жеткізу, қабылдау, тапсыру тәсілін анықтау.

**ӘТМ қамтамасыз етуді ұйымдастырудың НЕГІЗГІ ҚАҒИДАЛАРЫ**

- ӘТМ алдын ала құру мен эшелондау;
- Жоғарғы органдардың әскерді мүлікпен өз уақытында және толық қамтамасыз етудегі жауапкершілігі;
- Бірінші кезекте маңызды тапсырмаларды орындап жатқан әскерді мүлікпен қамтамасыз ету;
- Әскерге керек мүліктерді мүлік қорларын жақындату;

## ӘТМ жиынтығына қажеттілікті анықтау әдістемесі

Әскерт-техникалық мүлік жиынтығына қажеттілік, ереже бойынша, операцияны жобалау кезінде жедел бөліністе орындалады. Әскери бөліністе, жауынгерлік іс-әрекетті жобалау ұрыстың бір ғана тәулігіне орындалатынын ескере, ал ӘТМ әскери қорларыіс-әрекеттің 10 тәулігін қамтамасыз ете алатын болған соң шамалау жүргізілмейді.

**«АТҚЕ органдарын сақтау, күзету мен қорғау бойынша жағдайды бағалау әдістемесі».**

## *Техникалық қамтамасыз ету жүйесіндегі САҚТАУ, КҮЗЕТУ МЕН ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ НЕГІЗДЕРІ*

***Техникалық қамтамасыз ету жүйесіндегі күзету мақсаты*** қарсыластың техникалық қамтамасыз ету органдарына түрлі жою құралдарының әсерін жою немесе максималды түрде азайтудан тұрады: ядролы, химиялық, биологиялық қару, авиацияның, артиллерияның қаруымен.

САҚТАУ, КҮЗЕТУ МЕН ҚОРҒАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

**Қажеттіліктер мен мүмкіндіктерді анықтау:**

1. ТҚЕ органдарын жинау бойынша;
2. ТҚЕ органдарының орналасу мен өрістеу орындарын, қозғалу жолдарын инженерлік құралдар мен жасыру бойынша;
3. ТҚЕ органдарын БҚ мен қауіпті өндіруші объекттердің қирауынан сақтай бойынша;
4. Күзету, тәуліктік жасақта, қарауылда және КБ құрамында қызмет ету үшін жеке құрам бөлу бойынша;
5. Ату позицияларын құрастырумерзімі мен көлемі бойынша.

**Қажеттілік пен мүмкіншіліктің мөлшерлі-сапалық салыстырмалы сараптамасы**

Қажеттілік пен мүмкіншілік арасындағы қарсылықты ашу, нақты жағдайда сақтау,күзету мен қорғауды ұйымдастырудағы мәселелерді анықтау.

## САҚТАУ, КҮЗЕТУ МЕН ҚОРҒАУ ІС-ШАРАЛАРЫН ОРЫНДАУ ТӘРТІБІ МЕН ТӘСІЛІН АНЫҚТАУ

**Жинақталу** техникалық қамтамасыз ету бөлімдері мен бөліністері жергілікті жер сипаттамасының есебімен біруақытта бірнеше бөлімшелердің жойылуымен қажеттілігімен анықталады. Жинақталу мүмкіндіктері жергілікті жердің шынайы сипаттамаларымен анықталады.

✍ *Қарулы қақтығыстарда қарсылас жақта біруақытта бірнеше жөндеу бөліністерін жою қаруы болмуы, олардың жиналуы тек қана технологиялық қажетттілік пен сенімді күзету мен қорғау жүйесін құрау мүмкіндігімен анықталады.*

**Бүркемелеу** техникалық қамтамасыз ету жүйесінде әскерді бүркемелеудің жалпы жүйесінде өтетін іс-шараларды қосады:

жергілікті жердің жасыру құралдарын пайдалану;

бүркемелеудң табельді және қолдан жасалған құралдарын пайдалану;

ҚӘТ бүркемеленген түске бояу.

**Биялогиялық қарудан қорғану** және қауіпті өндіріс объектерін қиратудан қорғану қосады:

РХБ барлау;

дозиметрлік және химиялық бақылау;

зақымданған аймақта іс-әрекет еткенде жеке құрамның қауіпсіздігін қамтамасыз ету;

эпидемияға қарсы, санитарлы-гигиеналық және арнайы-профилактикалықческих іс-шараларды жүргізу;

ҚӘТ мен жеке құрамды арнайы өңдеу.

**Қорғаныс** техникалық қамтамасыз ету жүйесінде қарсыластың шабуылынан тікелей қорғану үшін ұйымдастырылады.

Қорғаныста қажеттілік негізгі жағдаймен анықталады: қарсыластиың қаупі деңгейімен, оның десенттарының әрекеті, ДБТ,біздің әскер тылыныда қалып қойған топшалар, сондай орналасқа және өрістеген аймағының сипатымен.

## «Әскери автомобильдік тасымалдауды (ӘАТ) ұйымдастыру бойынша жалпы қалып».

Әскери автомобильдік тасымалдау деп әскерлерді, жауынгерлік және басқа да техниканы, басқа жүктерді бөлімдер мен бөлімшелердің транспортпен орындалатын тапсырмаларын қамтамасыз ететін тасымалдау аталады.

Материалдық құралдардың тасымалы «жоғарыдан төменге» («өзінен кері»), эвакуация – «төменнен жоғарыға» («өзіне қарай») қағидасы бойынша ұйымдастырылады. Бұл жоғарғы бастықтардың әскерлерге қажетті қамтамасыздандыру заттарын жеткізу мен ұйымдастыруға және әскерлерден жаралыларды, науқастар мен керексіз заттардың тасымалына жауапты екенін білдіреді.

**Әскери тылда:**

- дивизиялық –дивизиялықтан полктық қоймаларға дейін;
- полктық – полктықтан батальондық қоймаларға дейін;
- батальондық – батальондықтан бөліністік қоймаларға дейін.

Жөғарыда көрсетілгендей, тасымалдауды ұйымдастырудың классикалық жүйесі бойынша әрбір автотранспорт өз қажеттілігі бойынша жұмыс жасайды.

Алайда, керекті жағдайларда жоғарғы бастықтың шешімімен төменгі сатыдағы автокөліктер жоғарғы сатыдағылардың қоймаларынан тасымалдауды орындаулары мүмкін, ал жоғарғы сатыдағы авто көліктер бөлімше мен бөліністерге материалдық құрылғыларды тасымалдауы мүмкін.

**оперативті** – әскери бөлімшелерді, мекемелер мен жауынгерлік техниканы тасымалдау;

**адамдық** – әскерге шақыртылушылар мен сейілшілерді, сондай-ақ әскери командаларды тасымалдау;

**қамтамасыздық** – материалдық құрылғылар мен басқа да әскери жүктерді тасымалдау;

**эвакуациялық** - шептен тылға жаралыларды, науқастарды, әскерге қажет емес және жөндеуді қажет ететін техниканы, қару-жарақ пен жабдықтарын тасымалдау.

Оперативтік тасымалдау жалпыәскери штабпен, ал адамдық, қамтамасыздық және эвакуациялық – тыл құрылымдарымен жоспарланады.

Тасымалдаудың бағыт санына, жұмыс уақытының ұзақтығына, күш пен құрал санына, арту және түсіру талаптарына, жол талаптары мен жол қамтамасыздығына, қарсыластың мүмкін іс-қимыл сипатына байланысты тасымалдау учаскелік және алмаспайтын тәсілдерімен ұйымдастырылуы мүмкін, жалғыз машиналармен немесе лек ұрамында.

Алмаспайтын тәсіл – материалдық құралдарды арту пунктінен түсіру пунктіне дейінгі көліктердің алмасуынсыз бір немесе екі жүргізушімен жеткізілуін білдіреді. Алмаспайтын тәсіл автомобильдік тасымалдың басты тәсілі болып табылады.

Жүрістің кезеңдік жүйесі автокөліктің тұрақтауын қысқартып, автокөліктің орташа тәуліутук жүрісін 600 км-ге дейін көбейтуге мүмкіндік береді.

Учаскелік тәсіл материалдық құралдарды арту пунктінен түсіру пунктіне дейін маршрутта тоқтамайтын қозғалысты білдіреді. Жүктердің тасымалдануы тәулігіне 700 км дейін жетеді.

1. Жолдың қиын талаптары мен жауынгерлік жағдай кезінде автомобиль бөліктерінің жұмысқа ардайым дайындықта болуы;

2. Жеткізу көлігін дұрыс пайдалану мен уақытылы маневр жасау.

3. Қозғалыс маршруттары туралы уақытылы мәлімет жинау;

4. Автомобильдік транспортқа материалдық құралдарды уақытылы артуды (түсіруді) қамтамасыз ету;

5. Автомобильдік бөлімдер мен бөлімшелер колонналарының қозғалысын дұрыс ұйымдастыру;

6. Тасымалдаудың жасырындығын сақтау;

7. Тасымалдау, арту (түсіру) кезінде жүктерді сақтау шараларын орындау;

8. Автомобильдік құрылымдар мен бөлімдердің сенімді қорғанысы мен күзетін ұйымдастыру.

## Автомобильдік колонна. Қалыптасуды және жан-жақты қамтамасыз етуді ұйымдастыру.

Автомобильдік лек құрамына бір бөліністегі автомобильдік рота, взвод немесе топ тағайындалады. Лек құрамына, тәртіп бойынша, сапалы және толықтай техникалық қызмет көрсетудің ұйымдастырылуы және маршта лекті басқаруды жеңілдету үшін біртүрлік автокөліктер қосылады.

Лектер тасымалдаудың қандай жағдайда жүргізілуіне байланысты сапталады.

Автомобильдік лектің жорықтық тәртібі басқару көлігінен, жүк таситын көліктен және тұйықтаушы көліктен тұрады.

Тұйықтау құралдары лек құрамына саптан шыққан көліктерге техникалық қызмет көрсету, жанар-жағармаймен толықтыру, жеке құрамға медициналық көмек көрсету, сондай-ақ тамақтануды ұйымдастыру үшін қосылады. Тұйықталуға лектегі көліктер санынан 3-5% резервтік көліктер қосылуы мүмкін.

Тәжірибие көрсеткендей лекті созу жылдамдығы 7-10 км/сағ. – тан көп болмауы тиіс.

Лектегі көліктердің арақашақтығы 20-50 м және одан көп, взводтар арасы 500-1000 м., роталар арасы 2-3 км., батальон арасы 3-5 км. болуы мүмкін.

Берілген жол талаптары үшін қозғалыс жылдамдығы максималды болуы тиіс.

**Тасымалдауға бұйрық алысымен, лек бастығы міндетті:**

1. қойылған тапсырманы, оны орындау уақыты мен тәртібін, басты және қосалқы қозғалыс маршруттарынанықтауға;

2. жеке құрамға автокөліктердің, тасымалдауға қатысатын техникалық, материалдық және медициналық қамтамасыз етудің дайындалуы туралы бағыттама беруге;

3. батальон штабынан арту (түсіру) пунктеріндегі және тасымалдау маршрутындағы жағдай туралы мәлімет алуға;

4. автолектің жауынгерлік есебін жүргізуге;

5. жеке құрамға лектің сапталу орны мен уақытын көрсетуге;

6. қарсыластың жаппай қырып-жою қаруын қолдануы, әуе және жербеті шабуылы туралы құлақтандыруды белгілеуге;

7. жүргізушілерде қарудың және жеке қорғаныс құралдарының бар-жоқты мен қалпын тексеруге;

8. жүргізушілердің қамтамасыздандырудың барлық түрімен жабдықталуын тексеруге;

9. техникалық тұйықталудың дайындығы мен қосалқы бөліктермен, аспаптармен, материалдармен және автомобильді дезактивациялау құралдарымен қамтамасыз етілуін тексеруге;

10. өзінің командиріне лектің дайын екенін баяндап, штабтан керекті құжаттарды алуға.

**Бұйрықта ол көрсетеді:**

1. қарсылас туралы мәлімет;
2. лектің тапсырмасын;
3. арту мен түсіру аудандарын;
4. қозғалыс маршрутын;
5. маршрутқа шығу уақыты мен тәртбін;
6. көліктердң лектегі орнын, озғалыс жылдамдығын, бөліністер мен көліктердің арақашықтығын,
7. демалыс өткізу орны мен уақытын;
8. лек тұйықтаушыларының тапсырмасын;
9. жеке құрамның тамақтану және автокөліктердің жанармаймен толықталу тәртібін;
10. жолда лекті қорғау және күзету шараларын;
11. медициналық камтамасыздықты ұйымдастыру;
12. басқару және құлақтандыру дабылдарын;
13. жүктерді арту, түсіру және тасымалдау кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету шараларын, сондай-ақ көпірлерден, қыраттардан және бөгеттерден өту тәртібін.

Бұйрық берген кезде лек бастығы жеке құрамнан қозғалыс маршрутын, арту (түсіру) орны мен демалыс орындарын жазып алуды талап етеді және сол үшін мүмкіндік береді.

**Автомобильдік тасымалдаудың жан-жақты камтамасыздығы.**

Автомобильдік тасымалдауды қамтамасыздандыру қарсыластың кенеттен шабуылын ескерту, оның жеке құрам мен техникаға әсерін әлсірету және материалдық құралдарды тасымалдау бойынша тапсырманы сәтті орындауды қамтамасыз ету мақсатында ұйымдастырылады.

**Қарсыласты барлау.** Автомобильдікбөлімдер мен бөліністермен тек қарсыластың шабуыл жасау қаупі төнген кезде сирек ұйымдастырылады. Ол автокөліктердің қарсылас тыл жағында жұмыс жасау кезінде болуы мүмкін, қарсыластың қорғанысымызға басып кірген кезде, қарсылас десанттарымен ұрыс кезінде және т.б. Тасымалдау кезінде қарсыласты барлауды жорықтық қорғаныс жүргізеді.

Топқа келесі тапсырмалар жүктеледі:

1. жол жағдайын анықтап қозғалыс жылдамдығын белгілеу;
2. маршрутта реттеу пункттерін белгілеп, реттеушілер мен реттеу құралдарын орнату, керек болса маршрут аудандарын тексеру;
3. су бөгендерінің бар-жоқтығын және жағдайын тексеру, айналып өту жолдарынбелгілеу;

4. өтуге қиын және зақымданған аудандарды анықтау, сондай-ақ өзғалыс кезінде лекті қорғауды талап ететін жерлерді анықтау;

5. демалыс орындарының аудадарын барлау.

**Жаппай қырып-жою қаруынан қорғаныс**автомобильдік тасымалдауды қамтамасыз етудегі аса маңызды іс-шараның бірі болып табылады.

1. радиациялық, химиялық және бактериологиялық барлау;
2. қарсыластың жаппай қырып-жою қаруын қолдану қаупі жайлы жеке құрамды ескерту, зақымданған аумақ туралы ақпарат, өрт аудандары мен радиоактивті, химиялық және бактериалдық зақымдану туралы құлақтандыру;
3. жергілікті жер мен бекіністерің қорғаушы қасиеттерін қолдану;
4. дозиметриялық, химиялық және биологиялық бақылау;
5. зақымданған аумақтарды өту кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
6. эпидемияға қарсы, санитарлық-гигиеналық және профилактикалық іс-шараларды жүргізу;
7. қорғаныс құралдарымен жеке құрамның санитарлық тазалануын, техниканың арнайы тазалануын қамтамасыз ету;
8. қарсыластың жаппай қырып-жою қаруын қолдану әсерін жою.

**Автомобильдік лектің бүркемеленуі қол жеткізіледі:**

1. лектердің тығыздылығын азайту жолымен;
2. табиғи өсінділермен жабылған жол бойымен қозғалу арқылы;
3. жарықбүркеме арқылы;
4. табельді және қолдан жасалған бүркемелерді қолдану, сондай-ақ техниканы жергілікті жердің түсімен бояу арқылы;
5. дабылқаққыштар қолдануды шектеу;
6. радиоүнсіздік пен әскери құпияны сақтау арқылы.

**Автомобильдік лекті қорғау**жауынгерлік есепке сәйкес көбінесе өз күш құралдармен іске асырылады; бұл жағдайда аса назар қарсыластардың шбуыл жасау қаупі туралы жеке құрамды құлақтандыруға және іс-әрекетіне аударылады.

Әскери бөлімдерді (бөліністерді) тасымалдау кезінде қорғаныс осы бөлімдердің (бөліністердің) күш құралдарымен жүзеге асырылады.

**Әуеден қорғанысты,** егер ерекше тасалау бөлінбеген жағдайда, автомобильдік лектер өз күш құралдарымен ұйымдастырады.

Әуеден қорғанысты ұйыдастырған кезде автомобильдік лектер басты түрде әуе шабуылынан баяу қорғаныс құралдарын қолданады, нақтырақ:

1. бөліністердің жинақталып орналасуы мен бүркенуі;
2. жеке құрам мен автокөліктердің бекінісі;
3. қозғалыс кезінде автокөліктердің арақашықтығының артуы;
4. жергілікті жердің қолайлы талаптарын қолдану;
5. қозғалыс жылдамдығымен маневрлеу;
6. медициналық және техникалық көмек.

Автокөліктік лектің **танкке қарсы қорғанысы** автокөліктік лектің аға бастығымен қамтамасыз етіледі.

Қарсыластың танктеріне кезіккенде лек бастығы қойылған тапсырманың орындалуын жалғастыру шараларын қабылдауы тиіс.

«Танктер»дабылы бойынша автолек:

1. егер шабуыл артқы жақтан болса, жоғары жылдамдықта алға кетуі мүмкін;
2. егер шабуыл алдыңғы жақтан болса, артқа кетуі мүмкін;
3. егер шабуыл лектің ортасына жасалса, жартысы алға ал екінші жартысы артқа кетуі мүмкін;

**Материалдық қамтамасыздандырудың**мақсаты – тасымалдауды уақытылы орындау үшін автолектердің материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру болып табылады.

Ол тыл қызметі жөніндегі командирдің, оның орынбасарының, бөлініс командирлерімен, лек бастығымен және сейкес қызмет командирлердің шешімімен іске асады: автокөліктерді жанармаймен, ал жеке құрамды оқ-дәрімен, қорғаныс құралдарымен, киім-кешекпен және азық-түлік өнімдерімен қамтамасыз ету, сондай-ақ жылдың суық уақытында тасымалдау кезінде жылыну үшін қажетті талаптарды жасау.

Көліктерді толықтай жанармеймен, сонымен қатар көліктеғі бос ыдыстарды толықтыру марштың аяғында немесе күндізгі (түнгі) демалыс орындарының ауданында жүргізіледі.

**Көліктерді жанармеймен толықтыру бірнеше тәсілмен жүргізіледі:**

**1-тәсіл:** жанармайды тасымалдау және құю құралдары толықтырылатын көліктерге жеткізіледі;

**2-тәсіл:** толықтырылатын көліктер жанармайды тасымалдау және құю құралдарына жеткізіледі;

**3-тәсіл:** ыдыстағы (канистрдегі, күбідегі) жанармай бөлініс командирлеріне немесе жүргізушілерге беріледі;

**4-тәсіл:** аралас, жеке бөліністер толықтыруды әртүрлі тәсілмен жүзеге асырады.

Жалғыз көліктің жанармаймен толықтырылуы тәуелді:

1. көлікте орналасқан жанармай кубісі мен ыдысының сыйымдылығынан;
2. толықтырулар арасындағы кезеңде жанармайдың шығынынан;
3. толықтыру құралдарының жұмыс ретінен;
4. берілген құралмен біруақытта толықтырылатын көліктердің санынан;
5. жеке құрамның біліктілігі мен шыныққандығынан;

Көліктерді жанармаймен толықтыру уақытының қысқартылуна бағытталған іс-шараларды жүргізу кезінде аса назарды жеке құрамның толықтыруды жүргізуден, оның дайындығынан, ұйымдастыруынан тәуелді қосалқы операцияларды жасау уақытына аударады.

**Жеке құрамның тамақтануы** тасымалдау кезінде лек бастығымен ұйымдастырылады, бұл жағдайда жеке құрамның ыстық тамақты тәулігіне кемінде екі рет алуы қажет.

Марштыалыс емес қашықтыққа жасаған кезде жеке құрамның тамақтануы тасымалдаудың басында және соңында ұйымдастырылуы мүмкін, егер тасымалдау 8-10 сағаттан аспайтын уақытта орындалса.

Марштыалыс қашықтыққа жасаған кезде жеке құрамның тамақтануы тасымалдаудың талаптарына және жолдағы жағдайға байланысты ыстық тамақ далалық асханада, демалыс орындарында дайындалуы мүмкін.

**Киім-кешек мүліктерімен**және қрғаныс құралдарымен автолек жеке құрамы бөлініс командирлерінің өтініші бойынша белгіленген үлес бойынша; қысқы уақытта жылы киіммен және аяқ киіммен қамтамасыздандырылады.

Қысқы уақытта жеке құрамның жылынуы лек бастығымен тасымалдау талаптарына байланысты ұйымдастырылады.

**Техникалық қамтамасыздандыру** автокөлік бөлім командирі мен оның орынбасарымен ұйымдастырылады. Оған автокөліктердің техникалық қолданысын ұйымдастыру мен техникалық қызмет көрсету, сондай-ақ жарамсыз автокөдліктерді жөндеу орындарына жеткізу кіреді,

Тасымалдауды техникалық қамтамасыздандырудың басты іс-шаралары:

1. автокөліктерді тасымалдауға дайындау;
2. белгілі жүк түрлерін тасымалдау үшін кузовты дайындау, ал керекті жағдайда – тазалау мен дезинфекция;
3. лектердің техникалық тұйықталуын ұйымдастыру, ал керекті жағдайда – техникалық көмек көрсету орындары мен қозғалыс маршрутындағы зақымданған көліктердің жиналыс орындарын;
4. жол бойында лектің техникалық қызмет көрсету тәртібін белгілеу, тасымалдау кезінде автокөліктердің техникалық жағдайын бақылауды ұйымдастыру;

5. тасымалдау кезінде автокөліктерді жөндеуді ұйымдастыру және жарамсыз (зақымданған) автокөліктерді эвакуациялау тәртібі.

Алдағы тасымалдауға автокөлік транспортын алдын-ала дайындау оның сәтті орындалуының басты талабының бірі болып табылады.

Ол қамтамасыз ету керек:

1. автокөліктер мен тіркемелерді тиімді қолдануды;
2. қажетті жүріс қорын;
3. қозғалыс қауіпсіздігін;
4. тораптар мен механизмдердің алдын-ала тозуын, жарамсыздығын және сынуын туғызатын себептерді жоюды;
5. жанар-жағармай мен басқа да эксплуатациялық материалдардың минималды шығынын.

Автокөліктік тассымалдауды қамтамасыз етудің басты тапсырмаларының бірі болып саптан шыққан автокөліктерді қалпына келтіруде жүргізушілерге көмек ретінде, жарамсыз көліктерді тартуға және тұрып қалған автокөліктерді шығаруға, автокөліктерді жанар-жағармаймен толықтырудға, жарамсыз автокөліктекрді резервтік көліктермен ауыстыруға, маршта жүргізушілерді қосалқы бөліктер және материалдармен қамтамасыз етуге арналған техникалық тұйықталуды ұйымдастыру болып табылады.

Лектің техникалық тұйықталуына кіреді: қозғалмалы жөндеу құралдары, жанармай мен автомүлік қоры бар автокөліктер, жарамсыз көліктерді тарту үшін автокөліктік тягачтар, разервтік автокөліктер мен жүргізушілер.

Техникалық тұйықталу лектің жалпы тұйықталудың құрамдық бөлігі болып табылады. Одан басқа азық-түлік пен асханасы бар көлік және медициналық персоналы мен медикаменттері бар санитарлық автобус кіреді.

**Лектегі автокөлік санына байланысты техникалық тұйықталу құрамы**

| **Техникалық тұйықталу көліктерінің атауы** | **Лектегі автокөліктер саны** | | | |
|---|---|---|---|---|
| | **25-ке дейін** | **70** | **150** | **250және одан көп** |
| | **Техникалық тұйықталу құрамы** | | | |
| **Техникалыққызмет көрсету мен жөндеудің қозғалмалы шеберханасы** | l | 1 | 1-2 | 2-3 |
| **Автотягач (жөндеу-эвакуациялық көлік)** | | 1-2 | 1-2 | 1-2 |
| **ЖЖМ және автомүлік қоры бар автокөлік** | | 1-2 | 1-2 | 3 |
| **Резервтік автокөлік** | | 1-2 | 3-4 | 5 |
| **Қорытынды (орташа)** | 1 | 3-5 | 5-8 | 7-10 |

Техникалық тұйықталу взводының құрамындағы лек үшін бір автокөлік бөлінеді. Автокөліктік бөлімше немесе топ құрамдас лекте техникалық тұйықталуға соңғы автокөлік қосылады. Штатты құралдар болмаған кезде тұйықталу құрамына жөндеу шеберханасынан құралдар жиыны мен қосалқы бөліктері бар 1-2 маман бөлінеді, орал лектің соңында резервтік көлікте жүріс жасайды, ол болмаған жағдайда – өзжүккөтергішінің 40% - нан аспайтын жүкпен артылған соңғы көлікте қозғалады.

Техникалық тұйықталудың бір орында жарамсыз, қалып қойған көліктерге көмек көрсету үшін жұмыс жасауы жақындағы демалыс орнында қуып жету мүмкіндігінен анықталады, тек қана 2 сағаттан көп уақыт емес.

**Медициналық қамтамасыз ету**тасымалдау кезінде бөлімнің медициналық қызмет бастығымен ұйымдастырылады.

***Оған кіреді:***

1. алдағы тасымалдау ауданының санитарлық-эпидемиялық мәлімет жиынтығы;

2. Лек жеке құрамының санитарлы-эпидемиялық қатынаста жағымсыз сырқаттануын ескерту шараларын, ал қысқы уақытта үсіп қалуды ескерту;

3. Су көзінің жағдайын тексеру мен оны лектің тоқтаған жерінде қолдану мүмкіндігін тексеру;

4. Жарақаттанғандар мен сырқаттанғандарға медициналық көмек көрсету;

5. Лек бастығының (бөлініс командирінің) нұсқауы бойынша санитарлық емді қажет ететін науқастарды жол бойындағы жақын емделу мекемесіне жеткізу;

6. Лек жеке құрамына берілетін азық-түліктің сапасын тексеру;

7. Азық-түлік, науқас пен жарақаттанғандарды тасымалдайтын көлік кузовының санитарлық жағдайын бақылау.

**«Әскери жүк түрлері»**

Әскери жүктер әр түрлі транспорт түрлерімен тасымлдауға қабылданған күнделікті өмір және әскер әрекетін қамтамасыз ету үшін арналған.

Олар әр түрлі құрамдарға және ерекшеліктерге ие, бұл жылжымалы құрамның типін, тасымалдау шартттарын, жүктеу-түсіру жұмыстарын т.б. орындау тәсілдерін таңдауды анықтайтын факторлардың бірі болып табылады.

Әкери жүктер бірнеше белгілері бойныша түрленеді: материалдық құралдар бойнынша, физикалық және транспорттық құрамдары бойынша, тасымалдау, сақтау және транспорттық құралдардың жүк көтеруін қолдану дәрежесі бойынша.

**Материалдық құралдар бойныша** жүктер келесідей бөлінеді:

- оқ-дәрілер, зымыран-артиллериялық қару-жарақ, техника және зымыран;
- жанармай, зымырандық жанармай және техникалық құралдар;
- азық-түлік, азық-түлік қызметінің техникасы және мүліктері;
- киім-кешек мүлкі;
- бронетанктік техника және мүлік;
- автомобильдік техника және мүлік;
- жолдық, инженерлік әскер техникасы және мүлік;
- топографиялық техника және мүлік;
- радиациялық, химиялық және биологиялық қорғаныс әскерінің қару-жарағы және қорғаныс құралдары;
- байланыс құралдары;
- медициналық мүлік;
- пәтерлік мүлік және жанармай.

**Физикалық және транспорттық құрамдар бойныша** жүктер анықталады: даналық, транспорттық пакеттерде, контейнерлерде, құю.

Даналық жүктер, габариттік өлшемдерімен, массасымен және формасымен сипатталады, олар ыдыстық болады және тек жиналған күйінде және жиналмаған күйінде 500 кг дейін.

**Тасымалдау және сақтау шарттары бойныша** әскери жүктер қарапайым, спцификалық және қауіпті болып бөлінеді.

Қарапайым жүктер деп тасымалдануына ерекше жағдайлар қажет емес және автобильді жабдықтау немесе ерекше құрылыстық борттық платформала қолдану қажет емес жүктер аталды.

Спецификалық жүктер деп тасымалдануына сақталуын және қауіпсіздігін қамтамасыз ететін ерекше жағдайларды талап ететін жүктерді атайды.

Спецификалық жүктер:

- габариттік емес – жүктер, автомобильдің борттық платформасына түсіру кезінде оның габариттерінен биіктік бойныша 4 м-ге ені бойныша 2,5 м-ге шығып тұратын жүктер.
- ұзын өлшемдік – габариттік емес жүктердің түрлеріне жатады, автомбильдің артқы бортынан 2 м-ге асып тұрады.

**Автотранспорттық құралдардың жүк көтеру мүмкіншілігін қолдану дәрежесі бойныша** әскери жүктер келесідей бөлінеді:


- ЖҚК қамтамасыз ететін 1,0 тең, жүктер;
- ЖКҚ 0,71-ден 0,99-ға дейін КИГ қамтамасыз ететін;

**«Әскери жүктерді тасымалдаудың жалпы ережелері».**

Автомобильдік транспортпен тасымалданатын әскери жүктердің номенклатуаралары әр түрлі болып келеді. Тасымалданатын әр жүктің өзіндік ерекшеліктері және тасмалдау шарттары бар, олар жүктелу және түсірілу, тасымалдану, оларды қолдану кезінде есептелу және сақталу керек. Жүктерді тасымалдауды ұйымдастырудың барлық жағдайларында жүк көтеру мүмкіншілігін қолданудың максималды коэфициентінің шартын есепке алу қажет.

Әр түрлі жүкті тасымалдау кезінде олардың автотранспорттық құралдарды пайдалану тиімділігін және тасымалданатын жүктердің сақталуын қамтамасыз ететін жүктеу және тасымалдау ережелерін сақтау қажет.

Электроника, оптика және дәл механика элементтерімен байланыс құралдарын, әр түрлі өлшеу құралдарын және аспаптарды автомобильдерде жәшікке жиналған күйінде




**5.2 сурет- цилиндрлік формасындағы жүктердің кузовта орналасу сызбасы:**
*а* – дұрыс қатармен; *б* – жылжыған көлденең қатарлармен шахматтық тәртіпте; *в* – жылжыған тігінен қатарлармен шахматтық тәртіпте.

тасымалдайды. Осындай жүктерді жүктеу және түсіру лақтырусыз және соққыларсыз ерекше

қауіпсіздікпен мұқият орындалады.

Автомобильдің жол бетінен биіктігі 4 м-ден, ені – 2,5 м-ден аспауы керек.

**Әр түрлі әскери жүктерді тасымалдау үшін автмобильдерді және тіркемелерді дайындау бойынша негізгі жұмыстар**

Автомобильдерді тасымалдауға дайындау тасмылданушы жүктің түрінен, нақты жолдық және климаттық жағдайлардан, жыл мезгілінен, жергілікті жерден қатысты болатын әр түрлі жұмыстарды орындаудан тұрады.

Бұндай жұмыстарға: техникалық қызмет көрсету және автомобильдердің өтуін жоғарлататын құралдармен, жылыту және қозғалтқыштың қосылуын жеңілдететін құралдармен жабдықтау, кузовтарды арнайы жүктерді тасымалдауға жабдықтау жатады.

**«Таулардау, шөл далада, ормандарда, қыста әскери авомобильдік тасымалдауларды орындау ерекшеліктері».**

**Тауларда тасымалдау ерекшеліктері.**

Таулы жердің қиын физикалық-географиялық жағдайлары жауынгерлік әрекеттерді жүргізуді және дайындауды қиындатады.

Таулар рельефтің қиын және таралған типі болып табылады және қажетті аудандарды алады. Сонымен қатар таулық аудандар төмен таулар (500-1000 м), орта биіктік (1000-2000 м) және биік (теңіз деңгейінен 2000 м-ден жоғары) аудандарға бөлінеді.

Төмен таулық аудандар жұмсақ рельефке ие және автомобильдік жолдар торабы жақсы дамыған. Осындай аймақтағы әскерлердің жауынгерлік әрекеттері жазық жерлердегі жауынгерлік әрекеттерден өзгеше, сондықтан да әскери автомобильдік тасымалдауды ұйымдастыру және автомобильдік құрылымдарды, бөлімдерді, бөліністерді қолдану олардың қарапайым жағдайларда жауынгерлік әрекеттерді жүргізу кезінде ұйымдастыру мен қолдануға сәйкес.

Жеке құрамның дайындығы:

- жүргізушілерге автомобильмен басқару механизмдерін және анықталған жарамсыздықтарды жылдаи жою бойынша дағдыларды қалыптастыруда;
- лек қозғалысының баяулану немесе шарасыз тоқтау кезінде автомобильді дұрыс тоқтату біліктілігінде;
- бөгеттерден айналып өту және жолдың тайғақ бөліктерінен өту біліктілігінде бекітіледі.

Техниканы дайындау:

- автомобильдерді және тіркемелерді жөндеу және оларға техникалық қызмет көрсету бойныша жұмыс көлемін және кезеңділікті қатаң орындауда;
- рөлдік басқару және тежегіш өте мұқият тексерілу және түзетілу керек;
- еңістерде автомобильдердің өздігінен сырғанауын алдына алу бойынша құралдармен жабдықтаудабекітіледі.

Лектің тұйықталуына техникалық қызмет көрсету шеберханалары немесе техникалық көмек қосылуы қажет.

**Лек бастықтары нақты білуі керек:**

- олардың алдында тұрған тапсырманы;
- лек құрамын, тасымалданатын материалдық құралдар санын және түрлерін;
- тасымалдау бағытының ерекшеліктерін;
- лекпен басқару және командалық бөліммен, жолдағы диспетчерлік қызметпен және жауынгерлік шығарып салумен байланыс ұстау тәртібін;

**Лек бастығы істей алуы керек:**

- лекті саптауды, тасымалдауға анық және нақты бұйрық беру;
- жеке құраммен қозғалыстың баяулау, шарасыз тоқтау, жер және әуе қарсыластың шабуылы, лекте өрт пайда болған және апат кезіндегі әрекет тәртібі жайлы нұсақаулық өткізуді;

Автомобильдік лектердің таулардағы қозғалысы қозғалу графигімен қатаң сейкес ұйымдастырылады және осы жолға қызмет көрсетуші жол-комендантық бөлімдердің диспетчерлік пунттерімен бақыланады.

**Автомобильдік лектер қозғалысын ұйымдастыру кезінде келесі ережелер сақталуы керек:**

- жіңішке таулы жолдарда, өткелдерде және тонельдерде қозғалыс тек бір бағытта және мүмкіншілік бойныша тәуліктің жарық уақытында ұйымдастырылады;
- қауіпті орындарда және жолдардың күрделі бұрылыс аудандарында байланыс құралдарымен және сигнализациямен реттеу бекеттері орнатылады, ал түнде қозғалу кезінде шектеу және жақсы көрінетін көрсеткіштер орнатылады;
- көтерілу және түсу орындарында автомобильдер арасындағы арақашықтық 100 м-ден кем болмауы керек;

**Шөл далада тасымалдаудың ерекшеліктері**

Шөл дала аудандарының ерекшелігі қиын климаттық жағдайлар болып табылады. Жаздыгүні ауа температурасы 50-60ºС жетуі мүмкін, ал қыста минус 25-30ºС төмендеуі мүмкін. Шөл далада ең көп болып тұратын ол құмдық борандар, олар көру мүмкіндігін төмендетеді, жергілікті жердің рельефін өзгертеді, су көздерін және жолдарды жауып тастайды.

Құмдық борандар кездерінде жеке автомобильдердің қозғалуы мүмкін емес, ал лектің қозғалуы күрделенеді. Жолдан тыс қозғалу тек өту мүмкіндігі жоғары автомобильдермен мүмкін.

Жеке құрамның жабдықтарына ерекше көңіл бөлінеді. Әр жүргізуші күннен қорғайтын көзілдіріктермен және киіммен, медициналық дәрі қораппен және шөлді туындатпайтын, ыстықтан бұзылмайтын азық-түлікпен қамтамасыз етіледі.

**Автомобильдік лектердің қозғалуын ұйымдастыру кезінде:**

- жергілікті жерді жақсы білетін жол көрсетушілерді бөлу, ал бұл мүмкін болмаған жағдайда – лек бастықтарымен бағдарларды нақтылаумен жергілікті жер макетінде нұсқаулық өткізіледі;
- түнгі уақытта қозғалу;
- әр лекте қосымша су, жанармай және май қоры болу;
- жолдан тыс қозғалуды бірден орыннан қозғалуға жол бермей жүрілген колеялар бойынша орындау қажет.

**Ормандарда тасымалдау ерекшеліктері**

Орманды-батпақ аудандарда автомобильдік құрылымдар, бөлімдер және бөліністер әрекетіне:

жергілікті жердің жабық сиапты;

шектуелі жолдар саны және төмен сапасы;

жолдан тыс қозғалу қиыншылығы;

жер суларының жоғарғы деңгейі;

жол бөгеттерінің пайда болуы;

бағдарлау және қозғалысты реттеу қиыншылығы;

орманды-батпақ аудандар үшін спецификалық жағдайлар әсер етеді.

**Автомобильдік техниканы дайындау кезінде:**

- жүріс бөлігінің агрегаттарын және механизмдерін, арнайы жабдықтарды ақаулардан сақтау бойныша қосымша жұмыстар жүргізіледі;
- жол бөгеттерін тазалау үшін құралдармен, сондай-ақ өртке қарсы жабдықтармен, өту мүмкіндігін жоғарлататын құралдармен қамтамасыз ету қарстырылады;
- автомобильдік мүліктің жоғарлатылған қорлары құралады;

**Шіліктер бойныша қозғалу кезінде:**

жылдамдықты төмендету және жергілікті жерді мұқият бақылау;

уақытша өту және айналып өту орындарын, жол жөндеу және жолдағы бөгеттерді тазалау орындарын дайындау үшін жеке құрамды және техниканы бөлу;

лек басында және соңында жоғарғы өту мүмкіндігі бар автомобильдер болуы қажет.

**Қыста әскери және автомобильдік тасымалдауды орындау ерекшеліктері**

Солтүстік аудандардың физико-географиялық жағдайлары тек жауынгерлік әрекет жүргізуге ғана емес, сонымен қатар тылдық қамтамасыз етуге әсер етеді.

өту мүмкіндігі күрделі, суық және ұзақ қыс (8 айға дейін), тұрақсыз ауа райы, күшті желдер, полярлық түн және күн ұзақ кезеңдері, қыста терең қар орындары және жазда көл және батпақ аудандар, көптеген аудандардағы автомобильдік және теміржол жолдарының торабы жауынгерлік әрекетті үлкен маңдайшепте жүргізуге мәжбүрлейді.

Жеке құрамды дайындау кезінде жабдыққа ерекше көңіл бөлінеді. Жеке құрамға жылы киім-кешек, аяқ-киім, ал қажет болған жағдайда жарықтан қорғау көзілдіріктері, үсікке қарсы құралдар, витаминдік препараттар және осы аудандарға арналған басқа да спецификалық материалдық құралдар беріледі.

Қозғалу бағытында қарапайым жағдайларға қарағанда жол белгілері орнатылады, қосымша реттеу бекеттері және жылыну орындары орнатылады, жолдардың өту қиын орындарына тартқыштар кезекшілігі ұйымтдастырылады.

Орнатылған ережелерді сақтаумен орындалалы.

**Қорғанысты және күзетті ұйымдастыру кезінде:**

әдеттегіге қарағанда үлкенірек көлемде табельдік құралдарды қолданумен автомобильдік құрылымдар, бөлімдер мен бөліністерді бүркемелеу бойныша жұмыстарды өткзуді;

төмен температуралар жағдайында жеке құрамды және техниканы арнайы тазалау сұйықтықсыз тәсілімен қолдану, сондай-ақ қатпайтын сұйықтықтарды қолдануды; бөлімдердің күзетін және қорғанысын қарастыру қажет.

**Солтүстік аудандарда автомобильдік тасымалдауды орындау кезінде:**

- тасымалдауға дайындалу кезінде карта бойынша мұқият бағытты зерделеу және мүмкіншілік бойныша оның рекогносцировкасын өткізу;

- автомобильдік лектердің жеке құрамымен тасымалдау бағыттарының ерекшеліктері бойынша; автомобильдің істен шығуы кезіндегі әректтер бойныша нұсқаулық өткізу.

**Түнгі уақытта және басқа да көру мүмкіншілігі төмен жағдайларда автомобильдік тасымалдауды орындау ерекшеліктері.**

Көру мүмкнішілігі төмен жағдайларда әскери автомобильдік тасымалдаулар тек қана өте қажет болған жағдайларда орындалады.

Түнгі уақыттағы қозғалыс толық жарықпен, жарықбүркемелеумен, түнгі уақытта көру құралдарын қолданумен орындалады.

**Лектер түнгі уақытта және басқа да көру мүмкіншілігі төмен жағдайларла қозғалу кезінде:**

- қозғалу жылдамдығын төмендету қажеттілігін;

- қауіпсіздікті және алдында келе жатқан автомобильді қажетті көру үшін арақашықтықты қысқартуды;

- лектің қорғанысын және күзетін ұйымдастыру қиыншылығын;

- жанармай және майлау материалдарының жоғарғы қажеттілігін;

- жеке құрамның тез шаршауын;

- автомобильдердің жарықбүркемелеу құралдарымен жабдықталуын тексеруді;

- лектің басын және соңын жарық сигналдарымен белгілеуді есепке алу қажет.

**Лектің түнгі уақытта қозғалуы кезінде келесі талаптарды сақтау қажет:**

- алдында келек жатқан машинаның қозғалысы және маневріне көңіл аудару және орнатылған арақашықтықты сақтау;

- жарықбүркемелеу тәртібін қатаң сақтау;

- машинада тек бір әрекет етуші жарық болған кезде ол сол жақта болуы;

- шарасыздан жарықсыз жүру кезінде қозғалыс жылдамдығы 10 км/сағ дейін түсу.

Қарсылас әуе күштерінің біздің әскерлердің атықы объектілері бойныша белсенді әрекет жағдайларында автомобильдік лектерді жүргізу негізінде қараңғы уақытта

орындалады. Бұл жағдайларда маңызды мәнге автомобильдерді жарықтыбүркемелеу құралдарымен және түнгі уақытта көру құралдарымен жабдықтау ие болады

**ТУКҚ-57 аспабын жұмысқа дайындау үшін:**

- фараларда инфрақызыл фильтрлермен оптикалық элементтерді ауыстыру;
- колпачокты бұрап алып қуат көзі кернеуінің қосқышын машинаның борттық торабына сәйкес орнату қажет;
- шлемде байқау құралын жұмыс істемейтін қалыпқа көтеріп, оны киіп бекіту қажет;
- тасымалы лампаның розеткасына ауыспалы кабельді қосу;
- машина фараларын қосу;
- қуат көзінің блогын қосу;
- инфрақызыл фильтрлермен фараларды реттеу қажет.

**«Әскери жүктерді тасымалдау ережелері».**

Автомобильдік лектерлі басқару құралдарына: радио құралдар, жарық және дыбыс құралдары жатады.

**Автомобильдік лек бастығының құжаттары.**

***Бөлім штабымен автомобильдік лек бастықтарына келесі құжаттар беріледі:***бағыттық парақ, автомобиль құрамының ведості, акт бланктері, әр автомобильге жол парақтары және қажет болған жағдайда – топографиялық крта, автомобильдік лек жетоны және әскери-автомобильдік жолдар бойныша қозғалу құқығы рұқсаттамасы.

**Бағыттық парақша** лек бастығының негізгі құжаты болып табылады және автомобильдік лекке тасымалдау және оларды орындау бақылауға тапсырмалар қою үшін арналады.

**Автомобильдік лек құрамының ведомості** құрамды анықтағаннан кейін батальон шатабының бастығымен рәсімделеді және лек бастығына егер батальон транспортына құралдар жүктелген жағдай да беріледі.

Қоймалардан жүктерді қабылдау кезінде ведомость лек бастығымен рәсімделеді. Бұл жағдайда батальон штабымен оған ведомость бланкі беріледі.

Материалдық құралдарды бір мекен-жайға тасымалдаған кезде ведомость толтырылмауы мүмкін.

**Әскери-автомобильдік жолдар бойынша қозғалыс құқығы рұқсаттамасы** әскердің жол қызметінде жазылып беріледі.

Рұқсаттамаларды қатаң есептік құжаттар секілді сақтайды. Лек бастықтарына рұқсаттаманы бөлім штабында қол қоюмен беріледі. Рұқсаттам лек бастығымен әскери-автомобильдік жол аудандарында жол-комендантық қызмет органдарына көрсетіледі.

**«Жеке құрамды, жарақатаннушыларды және жануарларды тасымалдау ережелері».**

Жеке құрамды тасымалдау жеңіл автомобильдерде, жол жүрушілер автобустарында және арнайы жабдықталған жүк автомобильдерінде орындалуы мүмкін. Жеке құрамды тасымалдауға арналған автомобильдер техникалық жарамды, қосалқы бөлшектермен, медициналық дәрі қораптарымен, өрт сөндіргіштермен, саймандармен жабдықталған, шаң мен кірден тазаланған болу керек.

Жеке құрамды автомобильдерге орналастыру алдында қарудың оқсызданuы тексеріледі, ал егер тасымалдау оқталған қарумен орындалатын болса, онда сақтандырғышқа қойылған болуы керек. Сүмбі-пышақтар міндетті түрде қарулардан ажыратылуы керек.

Жеке құрамды автомобильдерге орналастыру тек қана лек бастықтарының командалары бойынша орындалады.

Жеке құрамды тасымалдау кезінде тыйым салынады:

- автомобиль қозғалысын бастауға, тежеу, сондай-ақ тегіс емес жолдарды жылдам өтуге, мүмкіншілік бойынша автомобиль қозғалысының тепе-теңдігін қамтамасыз етпей және транспорттауға теріс әсер етуді төмендетуге;

- кузовта жеке құрам орналасқан кезде автомобильді жанармаймен толтыруға;
- қауіпті жүктермен бірге жеке құрамды тасымалдауға.

**Жарақаттанғандарды тасымалдау ережелері**

Жарақаттанғандарды тасымалдау автомобильдік санитарлық транспортпен, жолаушылар автобусымен орындалады.

Жарақаттанғандарды тасымалдау кезінде оларды алып жүру және медициналық көмек көрсету мүмкіншілік бойынша медициналық көмек және жарақаттанғандарға көмек құралдарымен медицина қызметкерлері бөлінеді.

**Иттерді автомобильдік транспортпен тасымалдау**

Иттерді автомобильдік транспортпен тасымалдау ІІМ әскерлерінде және органдарында тасымалдаудың ең көп таралған түрі болып табылады. Жеке және топтық тасымалдаулар жеңіл және жүк автомашиналарында кинологтармен бірге орындалады.

Қызметтік иттерді тасымалдау кезінде кинологтар автомашинада өзінің иттерімен бірге болады. Нұсқаушы орындықта, ал ит оның аяғының жанында жіпке байланған және мұрындықта орналасады. Иттің орналасу орны автомашинаның қозғалысы кезінде ол таза ауамен демала алатындай таңдалады. Шаң және көмірқышқыл газы иттің жұмыс қабілеттілігіне теріс әсерін тигізеді, ерекше иіс сезу бойынша, ал көмірқышқыл газы, одан басқа оның денсаулығына өте қауіпті.

**6.2 таблица – автомобиль кузовында жеке құрамның итсіз және итпен орналасу нормалары**

| машины маркасы | итсіз отыратын орындар саны | иттермен отыратын орындар саны |
|---|---|---|
| ЗИЛ-131 | 21 | 14 |
| ГАЗ - 53 | 24 | 16 |
| ГАЗ-66 | 21 | 14 |
| УРАЛ-4320 | 24 | 16 |
| КамАЗ-4310 | 36 | 24 |
| УАЗ-3151 | 6 | 4 |

**«Қару-жарақты, оқ-дәрілерді, ӘТМ және азық-түлікті тасымалдау ережелері».**

Танктер бульдозерлер, экскаваторлар және басқата үлкен және ауыр салмақты жүктер ауыр-тіркемелерде орындалады.

Тіркемелерге ауыр салмақты жүктерді жүктеу тартқыштарда лебедканың көмегімен орындалады.

Автопоезддың жүктеуімен және жүкті түсірумен тасымалданушы бөлімнің командирі немесе осы мақсат үшін тағайындалған офицер.

Брондытанктік техниканы жүкету алдында келесі дайындық іс-шараларын өткізу қажет:

- автопоездды тегіс көлденең алаңға орнату, тартқыштың жартылай тіркемемен жалғануын және қосушы тежегіш шлангтарын тексеру;
- қауіпсіздік шараларын сақтау отырып лақтыру трапаларын тежегіштен босату, баяу жерге түсіру;
- автомобильдік поезд платформасын кірден, мұздан және майдан тазалау;
- жүктеліп жатқан техниканың ілгіш қондырғыларын шешу;
- машинаны автомобильдік поезддің артына орнату қажет.

**Әскери-техникалық мүлікті тасымалдау ережелері**

Техникалық мүлік, ереже ретінде, арнайы қаптамаларда тасымалданады. Мүмкіншілік бойынша әр автомобиль мүліктің бір түрімен жүктеледі. Жүктің осы түрінің сипаттық ерекшелігі ауыр салмақтылық болып табылады, сондықтан жүктеу механизация құралдарын

талап етеді. Механизмдер жоқ болған кезде жүктеу-түсіру жұмыстарына жеке құрамның көбейтілген есебі қажет.

**Азық-түлікті тасымалдау ережелері**

Азық-түлікті тасымалдау арнайы автомобильдермен, сондай-ақ борттық автотранспортпен орындалады. Азық-түлікті тасымалдау үшін арналған автомобильдік транспорт, мұқият қаралады, автомобиль кузовтарын жуады, қажет болған жағдайда дезинфкция жүргізеді.

Кузов иісті заттармен толтырылған автомобильдік транспортты, азық-түлікті тасымалдау үшін бөлуге тыйым салынады.

**Қуаіпті жүктерді тасымалдаушы транспорттық құралдарға, келесі таныстырушы белгілер орнатылуы тиіс:**

**«Жылдамдылықты шектеу»** - 3.24 жол белгісінің кішірейтілге түсті суреті, рұқсат етілген жылдамдықтың белгіленуімен- кузовтың артқы жағында сол жақ бөлігінде.

**«Қауіпті жүк»** - 690х300 мм өлшемімен тіктөртбұрыш түрінде.

Жарылғыш, жеңіл жанғыш, радиоактивті және күшті әсер етуші улы заттарды тасымалдаушы транспорттық құралдардың үстінде сары түсті маяк орнатылуы қажет.

**Автомобильдер кузовына оқ-дәрілерді жүктеу кезінде келесі ережелер сақталуы тиіс:**

- оқ-дәрілері бар жәшіктерді лақтыруға, шайқауға және ұруға тыйм салынады;
- жәшіктер кузов осіне қатысты симметриялыо түрде және оның барлық ауданы бойынша біркелкі орналасады;

**Автомобильдік транспортпен жарылғыш заттарды және жару құралдарын тасымалдау келесі ережелерді сақтаумен орындалу қажет:**

- жарылғыш заттарды және жару құралдарын тасымалдауды тек жарамды транспорттық құралдарда жүк көтеру нормаларынан асырмай орындау қажет;
- жарылғыш заттарды және жару құралдарын бөгде заттармен, ерекше, жеңіл жанатын заттармен бірге тасымалдауға тыйым саланады;
- жарылғыш заттарды және жару құралдарын тасымалдау жалпы және өрт қауіпсіздігінң ережелерін сақтаумен, жауапты офицерлермен немесе сержанттармен орындалуы және қаруланған күзетпен қамтамасыз етілуі қажет.

**Жанармайды тасымалдау ережелері**

Жанармайды тасымалдау арнайы және жалпы мақсаттағы автомбильдермен және тіркемелермен орындалады.

Автоцистерналар жанармайды беру үшін арналмаған және ереже ретінде құйылып жатқан жанармайды өлшеу үшін аспаптарға иеленбеген.

**Басқа да қауіпті жүктерді тасымалдау ережелері**

Оқ-дәрілер және жанармайдан басқа қауіпті заттар арнайы жанармайлар, күшті әсер ететін улы заттар, күйдіруші заттар жатады.

Қауіпті заттарды тасымалдау кезінде алып жүруші тағайындалады, ал қажет болған жағдайда – қаруланған күзет тағайындалады. Лек бастығы қауіпті заттарды тасымалдау ережелерінің облысында алып жүрушінің барлық талаптарын орындауға міндетті.

Қауіпті жүктер орналасқан кузовта жеке құрамды тасымалдауға тыйым салынады.

Қысылып тұрған, төмендетілген қысымдағы баллондарды лақтыуға немесе итеруге тыйым салынады.

Тасымалдау шарттарына қатысты газдалған баллонда автотранспорттық құралдаға жатқызылған немесе тік күйінде тасымалданады, сонымен қатар баллондар бекітілуі қажет.

**«Алдын-ала бұйрық беру, тапсырманы ұғыну және тасымалдаудың уақыт есебі».**
